Бекітемін
«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі
_____________ А.О.Сеитова
_____________ 2025-2026 оқ.ж

**Зияты зақымдалған «Балдәурен» мектепалды тобының дефектологі Н.Б.Таңжарбаеваның 2025-2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспары**

| Арнайы түзету іс-әрекеті | Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері |
|---|---|
| Қыркүйек | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Балалардың жалпы дамуы,танымдық қызметі , сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру. Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Есту,көріп қабылдау , зейін,артикуляциялық моторика,ұсақ және жалпы моториканы дамыту . |
| «Кел, ойнайық!» | «Түстерді табайық», «Пішіндер әлемі», «Қай зат жоқ?» ойындары арқылы түстерді ажырату,пішіндерді сәйкестендіруін,есте сақтау мен логикалық ойлауын дамыту. |
| Ойынға үйрету | Балаларды ойын ұғымымен таныстыру ,қызығушылығын арттыру.Танысу және заттық ойындар арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын,сөздік қорларын дамыту. «Ойыншық дүкені», «Көршіңді ата» |
| Сенсорика | Негізгі түстермен таныстыру (қызыл,сары,көк).Пішіндермен таныстыру( шеңбер ,шаршы,үшбұрыш) .Аталған түс ,пішінді дұрыс таба білуге үйрету. |
| Қазан | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын |

| | |
|---|---|
| | ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту.Сөздік қорларын белсенділеу. Фонематикалық қабылдауын, ұсақ моторикасын,көрнекі – бейнелік гнозисін, біркалыпты тілдік тыныс алуын дамыту .Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Қарапайым математикалық түсініктерін, сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>Сипаттау мәтінін құрастырып айту,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. |
| «Кел, ойнайық!» | «Суретін тап», «Бірдей-әртүрлі», «Не өзгерді?» ойындары арқылы сөздік қорын, есте сақтау қабілетін,зейіні мен шапшаңдықты,салыстыру арқылы ойлауды дамыту. |
| Ойынға үйрету | Ережелі ойындармен таныстыру.Қимылды ойындар ойнауға үйрету.Ережені сақтауға ,бірлесіп әрекет етуге үйрету.Коммуникативтік дағдыларын,зейінін дамыту. |
| Сенсорика | Түстерді салыстыруға және сәйкестендіруге үйрету.Үлкен –кіші өлшемдері туралы түсінік қалыптастыру.Астында ,үстінде,жанында кеңістік бағыттары туралы түсінік беру.Түс және өлшемдік айырмашылықтарды байқауға үйрету. |
| Қараша | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінің дамыту.<br>Балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту.<br>Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету. Үстінде", "астында", "ішінде" үстеу сөздерді түсінуін қалыптастыру .Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Фонематикалық қабылдауын, ұсақ моторикасын,көрнекі – бейнелік гнозисін, біркалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. |
| «Кел, ойнайық!» | «Не жоғалды?», «Артық затты тап», «Ненің дауысы?» ойындары арқылы көріп және естіп есте сақтауын,зейінін,салыстыру және топтастыру дағдыларын дамыту. |
| Ойынға үйрету | Эмоцияны тану ойындары.Эмоциялық қабылдау мен коммуникативтік дағдыны дамыту.Жайлы психологиялық хал-ахуалды қалыптастыру жаттығуларын және сергіту жаттығуларын орындауға үйрету. |
| Сенсорика | Ұзын-қысқа,биік-аласа ұғымдарын таныстыру.Сенсорлық қапшықты пайдаланып сипап сезу арқылы ажырату дағдысын дамыту. |
| Желтоқсан | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратуды үйрету. Сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін ,сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіру. |
| «Кел, ойнайық!» | «Не қайда тұрады?», «Жамауын тап», «Не үшін қажет?» ойындары арқылы зейін,ойлау,көріп қабылдауын және себеп – салдар байланысын дамыту. |
| Ойынға үйрету | Әлеуметтік рөлдерді орындауға үйрету. Ойындар арқылы мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру.<br>Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін қалыптастыру.Зейін,ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту. |



Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Сенсорика | Қаты –жұмсақ материалдарымен танысу.Суық-жылы сезімдерін ажыратуға үйрету.Материалдар қасиеттерін сезіну және салыстыру.(Мата,ағаш,металл,су үлгілері) |
| Қаңтар | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Балалардың жалпы дамуы,танымдық қызметі , сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру . Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратуды үйрету. Сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Фонематикалық түсініктерін ,сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. Сөйлеу тілін қимылмен үйлестіру. |
| «Кел, ойнайық!» | «Ненің бөлшегі?», «Не жасырынды?», «Жұбын тап» ойындары арқылы зейінін, сөйлеу тілін,көріп қабылдау,ойлау, себеп – салдар байланысын түсінуін дамыту. |
| Ойынға үйрету | Үстел үсті ойындарын ойнату.Ережені сақтауға,тәртіпке үйрету.Сөздік қорын ,сөйлеу тілін дамыту.Ұсақ қол моторикасын дамыту.Зейін ,ойлау ,есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| Сенсорика | Пішін мен түсті біріктіруге үйрету.Бірдей және әртүрлі заттарды салыстыру.Артық және жетіспейтін затты табу.Салыстыру,топтастыру қабілетін дамыту. |
| Ақпан | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу тілін ,көріп |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | қабылдау және зейінін, артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту. Жинақтап жалпылап айту дағдыларын жетілдіру. Сөйлемдер құрап айту және сын есімдермен толықтыруға үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу. |
| «Кел, ойнайық!» | «Көп-аз», «Бір сөзбен ата», «Орнын тап» ойындары арқылы көріп қабылдап заттар тобын салыстыру,жалпылау түсінігін,есте сақту,ойлау қабілетін дамыту. |
| Ойынға үйрету | Рөлдік және сюжеттік ойындар арқылы тұрмыстық рөлдер мен қарым-қатынас мәдениетін үйрету.Балабақша,отбасы,қонаққа барғанда өзін ұстау білуге үйрету және қарым-қатынас жасау мәдениетіне үйрету. |
| Сенсорика | Құлақпен тыңдау арқылы қоршаған ортадағы дыбыстарды естіп тану,ажыратуға үйрету,кейбір дыбыстарды еліктеу арқылы қайталап дыбыстау, немесе әртүрлі ойыншық музыкалық аспаптар арқылы естіген ырғақты қайталап беру.Есту сезімін дамыту.Дыбыс көзін анықтау. |
| Наурыз | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту. Сипатап айтуға жаттығу. Сұрақ негізінде септік жалғауларын дұрыс жалғау, зат есімнің көпше түрін жасап үйрену. Артикуляциялық және саусақ моторикасын дамыту. |
| «Кел, ойнайық!» | «Жануарларды қоректендір», «Төлін тап», «Қандай жануар?» ойындары арқылы сөйлеу тілін,ойлау,көріп қабылдауын дамыту.Жабайы және үй жануарлары деп топтастыра білуге үйрету |



Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| Ойынға үйрету | Табиғат тақырыбындағы дидактикалық ойындар арқылы табиғатты тану,құбылыстары мен жыл мезгілдері ,белгілері,табиғат заттары туралы түсініктерін қалыптастыру.Танымдық процестерін дамыту. |
| Сенсорика | Заттарды салмағы бойынша салыстырып ауыр –жеңіл түсініктерін қалыптастыру.Салмағы бойынша бірдей ,әртүрлі заттарды әртүрлі тәсілдермен анықтауға үйрету. |
| Сәуір | |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін қалыптастыру,дамыту. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту. Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, байланыстырып сөйлеу тілін, көріп және естіп қабылдауын, шығармашылық қиялын дамыту. Сұраққа жауап беру дағдыларын дамыту. Зат есімнің көпше түрін жасау және сөйлеу барысында септік жалғауларын дұрыс пайдалануын жетілдіру. Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін дамыту. |
| «Кел, ойнайық!» | «Суретті құрастыр», «Қайталап сал», «Бау тағу» ойындары арқылы ұсақ қол моторикасын,зейінін,көріп қабылдау және еске сақтауын дамыту. |
| Ойынға үйрету | Түрлі геометриялық пішіндермен ойындар ойнау арқылы құрастыру,кеңістікті бағдарлау және ұсақ қол моторикасын ,танымдық процестерін дамыту. |
| Сенсорика | Дәм сезу және иіс сезу қабілеттерін дамыту.Тәтті ,қышқыл,ащы дәм сапаларын ажыратуға үйрету..Қоршаған ортадағы әртүрлі иістерді сезіну, ажырату қабілеттерін дамыту. |
| Мамыр | |
| Қоршаған ортамен таныстыру<br>• | Балалардың жалпы дамуы,танымдық қызметі , сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеру .<br>Қоршаған ортадағы түрлі заттар атауын,қимылын |



Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | ,сипатын білдіретін сөздерді білу және түсінуін калыптастыру,дамыту .Сөздік корын молайту, есте сақтау кабілеттерін арттыру. Ұзақ және біркалыпты тыныс шығаруды дамыту. Диалогтік сөйлеу тілін ,фонематикалық кабылдау және түсініктерін дамыту. Артикуляциялық моторика, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту. Сөйлеуді кимыл-козғалыспен үйлестіруін дамыту. 3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену. Зейін, есте сактау, ойлау кабілеттерін дамыту. |
| «Кел, ойнайық!» | «Іздермен жүріп өт», «Өз орныңды тап», «Қызықты эстафета кимылды ойындары арқылы жалпы моторикасын,кимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту.Ережені сақтай отырып ойнауға үйрету. |
| Ойынға үйрету | Жыл бойы үйретілген ойындарды ойнай білу білігін бекіту. Игерген дағдыларын бекіту ,корытындылау.Ойыншықтар мен дидактикалық құралдарды орынды пайдалануын ,ойын барысында өзін ұстау және ойынды бағдарлай білуін бекіту. |
| Сенсорика | Жыл бойы меңгерген сенсорлы білім ,дағдыларын кайталап ,бекіту. |



Scanned with CamScanner